

"Достық - Алашанькоу" экспорттық-транзиттік газ құбырын салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 206 қаулысы

"Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Достық - Алашанькоу" экспорттық-транзиттік газ құбырын салу мақұлдансын.
2. Мүдделі мемлекеттік органдар осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев